

"Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы N 16 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 қаңтарда N 2131 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 27 мамырдағы N 168 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 27.05.2013 N 168 қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, «Әкімшілік рәсімдертуралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосаберілген «Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің басшылық ететін орынбасарына **жүктелсін.**

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*C. Біләлов*

О б л ы с

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

ә к і м д і г і н і ц

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 16 қаулысымен бекітілді

2 1

**«Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет регламенті 1. Жалпы түсініктер**

1. Осы «Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет регламентінде (бұдан әрі – регламент) келесі ұғымдар қолданылады :

ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірліктер: уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе олардың ішкі жүйелері.

## 2. Жалпы ережелер

2. Осы «Туристік ақпарат, соның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет Регламенті (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңының 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес өзірленді.

3. Мемлекеттік қызметті «Солтүстік Қазақстан облысының туризм, дene шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – басқарма )  
көрсетеді.

4. Мемлекеттік қызмет мына негізде көрсетіледі:  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 тамыздағы № 1099 қаулысымен бекітілген «Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет стандарты.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны автоматтандырылмаған.  
6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі –мемлекеттік қызмет тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.  
8. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы қағаз көзіндегі мәліметтер болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

9. Мемлекеттік қызмет 150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28 мекенжайы бойынша көрсетіледі, Жұмыс кестесі: демалыс күндері мен «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 267 Заңында белгіленген мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет және оны көрсету барысы туралы ақпарат басқарманың [www.ufks.sko.kz](http://www.ufks.sko.kz) интернет-ресурсында орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

- 1) мемлекеттік қызмет жүгінген мезеттен бастап көрсетіледі;
- 2) мемлекеттік қызмет көрсете мерзімі бес жұмыс күнінен аспайды;
- 3) сұрау берген кезде күтудің жол берілген ең көп уақыты – 30 минуттан аспайды;
- 4) мемлекеттік қызмет алушыға қызмет көрсетудің жол берілген ең көп уақыты – 30 минуттан аспайды.

11. Мемлекеттік қызмет басқарма ғимаратында көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін алушы басқармаға жазбалы сауалмен жүгінеді. Өтініш еркін нысанда қалыптастырылады.

13. Құжаттың тапсырылғанын растау тіркеу (мөртабан және кіріс нөмірі, күні ) болып табылады. Өтінушіге көшірме беріледі, онда қабылданғаны туралы белгі қоюлады .

14. Қызмет көрсете нәтижесін жеткізу тәсілі – жеке бару немесе пошта арқылы .

15. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата түру немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту үшін негіз жоқ.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсете үдерісіндегі әрекет (өзара әрекет) тәртібінің сипаттамасы**

16. Мемлекеттік қызмет алуға арналған құжаттарды қабылдау осы регламенттің 9-тармағында көрсетілген басқарманың мекенжайы бойынша кеңсе арқылы жүзеге асырылады .

17. Мемлекеттік қызмет көрсете кезеңдері:

1) алушы кеңсе қызметкеріне жазбалы саул береді немесе басқарманың кеңсесіне пошта арқылы саул жібереді, басқарма кеңсесінің маманы сауалды тіркеуді жүзеге асырады, алушыға қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің көшірмесін береңді ;

2) құжаттарымен танысу үшін құжаттар басқарма басшысына беріледі, атқару үшін жауапты орындаушыны белгілейді, қарар қояды және жауапты орындаушыға жібереді ;

3) жауапты орындаушы саул бойынша тиісті ақпаратты ресімдейді және басқарма басшысына қол қоюға жібереді;

4) ресімделген ақпаратқа басқарма басшысы қол қояды және кеңсеге жіберіледі ;

5) басқарма кеңсесінің маманы ресімделген ақпаратты тіркейді және алушыға жеке барғанда немесе пошта арқылы жібереді.

18. Мемлекеттік қызмет көрсете үдерісіне келесі ҚФБ тартылған:

1 ) басқарма басшысы ;

2) басқарма кеңсесінің маманы;  
 3) жауапты орындаушы.

19. ҚФБ әкімшілік әрекетінің (рәсімдерінің) өзара әрекет бірізділігінің сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген.

20. ҚФБ әкімшілік әрекетінің қысынды бірізділігінің арасындағы өзара байланысты көрсететін сызба осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

## **5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

21. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін жауапты тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысатын басқарманың басшысы, басқарма кеңсесінің маманы мен жауапты орындаушысы болып табылады.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен тиімділігіне, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы қабылдаған шешім мен әрекетке (әрекетсіздікке), Қазақстан Республикасының заңнамасымен қаралған тәртіптегі белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетудің жүзеге асырылуына жауапты болады.

«Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм обьектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

## **ҚФБ әкімшілік әрекетінің (рәсімдерінің) өзара әрекетбірізділігінің сипаттамасы 1-кесте. ҚФБ әрекетінің сипаттамасы**

Негізгі үдеріс (жұмыс барысы, ағыны) әрекеттері


Әрекет (жұмыс барысы, ағыны) №-і	1	2	3	4	5
ҚФБ атауы	Басқарма кеңсесінің маманы	Басқарма басшысы	Жауапты орындаушы	Басқарма басшысы	Басқарма кеңсесінің ма
Әрекет (үдеріс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабармен танысу, орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу	Тиісті ақпаратты ресімдеу, және басқарма басшысына қол қоюға жіберу	Ақпаратқа қол қою	Ресімделген ақпаратты ті және мемлек қызмет тұтынуышыға
Аяқтау нысаны (дерек, құжат, ұйымдастыру-шылық-өкімдік шешім)	Құжаттарды басшылыққа карап жазу үшін жіберу	Қарап жазу, жауапты орындаушы-ға жіберу	Ақпарат	Ақпарат	Мемлекеттік қызмет тұтынуышыға ақпарат беру
Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	1 жұмыс күні	2 жұмыс күні	1 жұмыс күні	Жұмыс күні і

	5 жұмыс күні ішінде			
Келесі әрекет номері	2	3	4	5

## 2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс

1-ҚФБ тобы Басқарма кенсесінің маманы	2-ҚФБ тобы Басқарма басшысы	3 - ҚФБ Жауапты орындаушы
№ 1 әрекет Саялды қабылдау, қолхат б е р у , саулалыққа тіркеу, құжаттарды басшылыққа карар жазу үшін жіберу	№ 2 әрекет Қарау және орындау үшін жауапты орындаушыны б е л г і л е у , карап жазу	№ 3 әрекет Саялды қабылдау, құжаттарды басшылыққа қол қою ү тапсыру
	№ 4 әрекет Ресімделген ақпаратқа қол қою	
№ 5 әрекет Ресімделген ақпаратты тіркеу және мемлекеттік қызмет тұтынушыға ресімделген ақпаратты беру		
«Туристік ақпарат, оның ішінде туристік элеует, туризм обьектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы акпарат беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша		

**ҚФБ әкімшілік әрекетінің қисынды бірізділігінің арасындағы өзара  
байланысты көрсететін сыйза**



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК